



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 237-н/5
13.06.2025
Астана қаласы

город Астана

Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2025 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22727 нөмерімен тіркелген) бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2025 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Ақкенженов

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2025 жылғы «13» 06
№ 37-бұйрығымен
бекітілген

**Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға
2025 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі**

Аукциондық сауда-саттық күні	Аукциондық сауда-саттықты өткізу уақыты (Астана қаласы уақытымен)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін құжаттарды қабылдау кезеңі	Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің аймағы	Түрі	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі, мегаватт (бұдан әрі — МВт)	Шекті аукциондық тарифтің шамасы, теңге/МВт* ай	Пайдалануға берудің талап етілетін күні, шарттың қолданылу мерзімі	Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңге	Электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22727 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) 4-тармақ 3) тармақшасына сәйкес									
15.12.2025 ж.	09:00 сағат	31.10.2025 ж. бастап 14.11.2025 ж. дейін	Солтүстік аймақ (Астана қаласы)	Бу-газды қондырғысы	500	*	2030 ж.	*	*

15.12.2025 ж.	15:00 сағат	31.10.2025 ж. бастап 14.11.2025 ж. дейін	Оңтүстік аймақ (Шымкент қаласы)	Бу-газды қондырғыс ы	500	*	2030 ж..	*	*
---------------	-------------	---	------------------------------------	----------------------------	-----	---	----------	---	---

Ескертпе:

* – Қағидалардың 5-тармағына сәйкес, уәкілетті орган аукциондық сауда-саттықты өткізудің болжамды күніне дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей Графикке мынадай қосымша ақпаратты енгізеді.

- шекті аукциондық тарифтің шамасы, тенге/МВт*ай;
- аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңгемен;
- электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңгемен.